

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 4 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 202 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 қарашада № 4288 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және аудандық өкілді және атқарушы органдардың пікірлерін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Тұрғындарының саны 50 адамнан кем мына елді мекендер таратылсын:

Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округінің Степное ауылы;

Жангелдин ауданы Қызбел ауылдық округінің Құмшық ауылы;

Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің Тоғызақ ауылы.

2. Таратылған елді мекендер енгізілсін:

Степное ауылы Алтынсарин ауданы Ілияс Омаров атындағы ауылдық округі Ілияс Омаров атындағы ауылдың құрамына;

Құмшық ауылы Жангелдин ауданы Қызбел ауылдық округі Ошағанды ауылының құрамына ;

Тоғызақ ауылы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округі Новошумное ауылының құрамына .

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі Н. Садуақасов	Сессия төрағасы А. Жалғасов
	Қостанай облыстық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы К. Джаманбалин